ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1266601 , Тұрмыстық жабдықты орнату/монтаждау/бөлшектеу бойынша жұмыстар сатып алу бойынша Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (349-1 Р, 4569148) Тұрмыстық жабдықты орнату/монтаждау/демонтаждау бойынша жұмыстар

Тапсырыс беруші: "КазТрансОйл" акционерлік қоғам

Ұйымдастырушы: "КазТрансОйл" акционерлік қоғам

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	349-1 Р
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Тұрмыстық жабдықты орнату/монтаждау/демонтаждау бойынша жұмыстар, Тұрмыстық жабдықты орнату/монтаждау/демонтаждау бойынша жұмыстар
Қосымша сипаттама	Аталған жұмыстарды орындау үшін қажетті көлемде жабдықты (мүлікті) тиеуді, тасымалдауды және түсірумен қоса, зертханалық жабдықты монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., Ақтау қ., Актау, пос. Умирзак
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2026 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

1. Жалпы талаптар:

1.1. Мердігер орындалатын жұмыстардың көлеміне сәйкес зертханалық жабдықты іске қосу-баптау және пайдалануға беру жұмыстарын, оның ішінде қоймада сақтауда тұрған барлық мүлікті тиеу, тасымалдау және түсіру, сондай-ақ стационарлық зертханалық жабдықты оларды одан әрі пайдалану орындарына орналастыру жұмыстарын орындайды.

ЕСКЕРТПЕ 1: Осы техникалық сипаттамада қоймада сақтауда тұрған мүлік деп кеңсе және зертханалық жиһазды, ұйымдастыру техникасын (компьютерлер, көбейту техникасы, телефондар), кеңсе керек-жарақтарын, құжаттаманы, зертханалық жабдықты түсіну қажет.

ЕСКЕРТПЕ 2: Осы техникалық сипаттамада зертханалық жабдық деп өлшеу құралдарын (тасымалданатын және стационарлық) (бұдан әрі – ӨҚ), сынақ жабдығын (бұдан әрі – СЖ) және қосалқы-технологиялық жабдықты (бұдан әрі – ҚТЖ), зертханалық қондырғыларды (құбыржол көлігі технологияларын модельдеуге арналған қондырғы, коррозия ингибиторларын сынауға арналған зертханалық стенд, ішкі коррозияны зерттеуге арналған зертханалық циркуляциялық қондырғы), заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін (бұдан әрі – СҮ), реагенттер мен бастапқы заттарды түсіну қажет.

ЕСКЕРТПЕ 3: Осы техникалық сипаттамада іске қосу-баптау деп мынадай жұмыстар кешенінен тұратын жұмыстар жиынтығын түсіну қажет:

- әрбір ӨҚ/СЖ/ҚТЖ бірлігінің және зертханалық қондырғылар жиынтығының сыртқы тексерілуін, жинақтылығы мен бүтіндігінің тексерілуін;

- тасымалдау нәтижесінде Алматы қаласынан Ақтау қаласына жеткізу және ұзақ уақыт бойы қоймада сақтау барысында пайда болған шаңнан, әртүрлі ластанулардан және конденсаттардан тазарту/жуу/үрлеу мақсатында ӨҚ/СЖ/ҚТЖ және зертханалық қондырғылардың агрегаттық бөліктерін бөлшектеуді (қоршаған орта температурасы төмендеген кезде су буымен қанықкан ауа сұйық фазаға өтеді, ол агрессивті газдармен және шаңның микробөлшектерімен жанасқан кезде оқшаулағыш жабыны жоқ металл беттерде коррозияның пайда болуына әкеледі);

- ӨҚ/СЖ/ҚТЖ-ны жинауды, шығыс бөлшектерін (қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтар жиынтығынан) және материалдарды (хладагенттер, майлау майлары, тығыздағыштар-прокладкалар және т. б.) ауыстыруды;

- жинау сапасын тексеруді (көзбен шолу және техникалық тексеру);

- егер ақаулар/ақаулықтар анықталған болса, оларды жоюды;

- нақты пайдалану жағдайларында сынақтан өткізуді және жұмысқа қабілеттілігін тексеруді;

- бағдарламалық қамтылымды баптауды (негізінен аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ үшін);

- инсталляцияны – аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ-ға олардың зауыттық пайдалану параметрлеріне сәйкестігін растау және өлшеуіш және басқа да операциялық функциялардың тұрақтылық дәрежесін бағалау мақсатында заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін (бұдан әрі – СҮ) немесе калибрлеуші буферлік ерітінділерді (бұдан әрі – КБЕ) қолдана отырып, функционалдық тестілеу жүргізуді;

- пайдалануға енгізуді және/немесе іске қосуды.

1.2. Мердігер барлық жұмыстарды СТ КТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» стандартына, техникалық талаптарға, стандарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес орындайды. Мердігер персоналын өндірістік объектілердің аумағына, өндірістік үй-жайларға, технологиялық қондырғыларға және жұмыстарды орындау орындарына жіберу еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өндірістік және өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке қорғаныш құралдарының толық жиынтығы болған және оларды міндетті түрде пайдаланған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілмеген немесе оларды толық көлемде пайдаланбайтын Мердігер персоналы жұмыстарды орындауға және Тапсырыс берушінің объектілерінде болуға жіберілмейді.

1.3. Мердігер өз күшімен, өз қаражаты және материалдық-техникалық ресурстары есебінен кеңсе және зертханалық жиһазды тиеу, тасымалдау, түсіру, жинау, орнату, монтаждау, орналастыру және пайдалануға түпкілікті дайындауды қамтитын жұмыстардың толық кешенін орындауға, сондай-ақ зертханалық жабдықты іске қосу-баптау жұмыстарын (оның ішінде аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған жабдықты инсталляциялауды) және пайдалануға беруді, оның ішінде барлық қажетті тексерулерді, диагностиканы, баптауды, калибрлеуді, юстирлеуді, инсталляциялауды, техникалық сипаттамаларға сәйкестігін тексеруді және жабдықтың толық жұмысқа қабілеттілігін растауды жүзеге асыруға міндеттенеді. Техникалық қызмет көрсетуді, салыстырып тексеруді және/немесе калибрлеуді және/немесе аттестаттауды жүргізу, сондай-ақ оның пайдалануға дайын екендігін растау үшін зертханалық жабдықты жұмысқа қабілетті күйге

келтіруге жауапкершілік Мердігерге жүктеледі. Аталған рәсімдерді жүргізуге немесе салыстырып тексеруден сәтті өтуге кедергі келтіретін ақаулар анықталған жағдайда, Мердігер өз есебінен анықталған барлық кемшіліктерді жоюға, қайта баптауды жүргізуге және жабдықтың салыстырып тексеруден және/немесе калибрлеуден және/немесе аттестаттаудан сәтті өтуге және пайдалануға беруге дайын болуын қамтамасыз етуге міндетті.

1.4. Барлық жұмыстар сапалы, толық көлемде және Шартта белгіленген мерзімдерде орындалуға, жабдықтың мақсаты бойынша қауіпсіз, сенімді және үздіксіз пайдалануға толық дайын болуын қамтамасыз етуге, өндіруші зауыттардың техникалық құжаттамасына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына, осы Шарттың талаптарына, техникалық сипаттамаға, пайдалану құжаттамасына қатаң сәйкес орындалуға, сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, электр, санитариялық және экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауға тиіс. Жұмыстарды орындаудың нәтижесі Тапсырыс берушінің қосымша жұмыстарды орындауын немесе үшінші тұлғаларды тартуын қажет етпей, пайдалануға дайын, толық монтаждалған, бапталған, сынақтан өткізілген және пайдалануға берілген зертханалық жабдық пен зертханалық жиһаз болып табылады.

1.5. Орындалатын жұмыстардың қауіпті өндірістік объектілерде жүзеге асырылатынын ескере отырып, Мердігер СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» стандартына сәйкес Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстарды орындауға тартылатын мамандарда мынадай құжаттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша білімінің тексерілгенін растайтын құжаттар;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша білімінің тексерілгенін растайтын құжаттар;
- өрт қауіпсіздігі бойынша білімінің тексерілгенін растайтын құжаттар;
- • жабдықты өндіруші сертификатының не аналитикалық және зертханалық жабдықтың мынадай түрлерінің кем дегенде біреуімен пайдалану және жұмыс істеу бойынша мамандандырылған оқытудан (тренингтен) өткенін растайтын өзге де құжаттың болуы: автоматты абсорбциялық спектрофотометрлер, газ және сұйық хроматографтар, анализаторлар, термостаттар, реовискозиметрлер және өзге де ұқсас жабдық.

2. Жұмыстарды сатып алудың негізгі мақсаттары:

2.1. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) зерттеулер және әзірлемелер орталығы» филиалының (бұдан әрі – ЗӘО филиалы) барлық мүлкін Орталық қоймадан (бұдан әрі – ОҚ) және Қоғамның Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының (бұдан әрі – ММҚБ) кеңсе ғимаратынан тиеу және тасымалдау, кейіннен оларды екі бөлек тұрған ғимаратта орналасқан жаңа зертханалық үй-жайларға орналастыру;

2.2. ЗӘО филиалының барлық мүлкін, оның ішінде кеңсе техникасын, кеңсе керек-жарақтарын, кеңсе жиһазын (корпустық және жұмсақ) және зертханалық жиһазды (оның ішінде заттар мен материалдарды қоймада сақтауға арналған шкафтар мен металл стеллаждарды), зертханалық жабдықты – ӨҚ/СЖ/ҚТЖ, зертханалық қондырғыларды, сондай-ақ қосалқы керек-жарақтарды, материалдар мен заттарды (СҮ, реагенттер, прекурсорлар) түсіру және жаңа зертханалық ғимараттарда тұрақты орналастыру орындарына орната отырып орналастыру. Аталған ғимараттар зертханалық қызметті ұйымдастыруға арналған және мына мекенжайда орналасқан: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өмірзақ ауылы, № 10 өнеркәсіптік аймақ, № 24 учаске;

2.3. Барлық мүлікті пайдалану және/немесе қолдану орындарында жинақтау, құрастыру, орнату және монтаждау;

2.4. Келесі жұмыстар бойынша іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу:

- барлық зертханалық жабдықты (ӨҚ/СЖ/ҚТЖ) және зертханалық қондырғыларды пайдалануға беру, шығыс материалдарын (термостаттаушы жабдыққа арналған хладагенттер, майлау материалдары, агрегаттар арасындағы қосылыстардың тығыздаушы элементтері және т. б.) олардың жарамсыздығы анықталған жағдайда ауыстыру;

- іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу барысында ақаулар мен ақаулықтар анықталған жағдайда, мүмкін болған кезде жабдықтың агрегаттық бөліктерін ауыстырмай, ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу;

- ӨҚ/СЖ/ҚТЖ-ны өлшеу және технологиялық процестер режимдеріне шығару;

- аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ-ға материалдар мен заттардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін (бұдан әрі – СҮ) немесе калибрлеу ерітінділерін (бұдан әрі – КЕ), сондай-ақ құрамында гелий мен аргон бар, сығылған газдың көлемі 5,25 м³ газ баллондарын пайдалана отырып, функционалдық тестілеу жүргізу. Оның ішінде: Autosystem GC газ хроматографтары мен TYRBO MASS хромато-масс-спектрометріне арналған тазалығы 99,9999 %, сыйымдылығы 40,0 л 6.0 маркалы гелийдің 2 (екі) баллоны және iCE 3300 атомдық-абсорбциялық спектрофотометріне арналған тазалығы 99,9995 %, сыйымдылығы 40,0 л жоғары тазалықтағы газ тәрізді аргонның 1 (бір) баллоны. Функционалдық тестілеу олардың зауыттық пайдалану параметрлеріне сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі (бұдан әрі – Инсталляция).

Жұмыстарды орындау мерзімі: шартқа қол қойылған сәттен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

3. Осы техникалық сипаттамада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

3.1. Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ;

3.1.1. № 1 объект – «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ әкімшілік ғимараты, мына мекенжайда орналасқан: Ақтау қаласы, 8-шағынаудан, 38Б үй;

3.1.2. № 2 объект – ММҚБ Орталық қоймасы, мына мекенжайда орналасқан: Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы, Өмірзақ ауылы, Орталық қойма, № 10 өнеркәсіптік аймақ, № 10 учаске;

3.1.3. № 3 объект – ММҚБ Орталық химиялық зертханасы, мына мекенжайда орналасқан: Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы, Өмірзақ ауылы;

3.1.4. № 4 объект – Тапсырыс берушінің жаңа зертханалық ғимараттары (2 (екі) бөлек тұрған ғимарат), мына мекенжайда орналасқан: Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы, Өмірзақ ауылы, Өндірістік қамтамасыз ету базасы, № 10 өнеркәсіптік аймақ, № 24 учаске.

3.2. Мүлік (Жүк) – техникалық сипаттамаға 1-8-қосымшаларда көрсетілген Тапсырыс берушінің ірі габаритті және шағын габаритті мүлкі:

- кеңсе техникасы (компьютерлер, баспа-көбейту техникасы, телефондар және басқа да керек-жарақтар), тоңазытқыштар (тұрмыстық және зертханалық), сондай-ақ басқа да кеңсе керек-жарақтары мен жабдықтары (1-қосымша);

- кеңсе және жұмсақ жиһаз (2-қосымша);

- зертханалық жиһаз, оның ішінде заттар мен материалдарды қоймада сақтауға арналған шкафтар және металл стеллаждар (3-қосымша);

- монтаждауды, іске қосу-баптауды және пайдалануға беруді/іске қосуды, оның ішінде инсталляциялауды талап ететін ӨҚ/СЖ (4-қосымша);

- іске қосу-баптауды және пайдалануға беруді/іске қосуды талап ететін ҚТЖ (5-қосымша);

- қосалқы зертханалық керек-жарақтар, материалдар мен заттар: зертханалық шыны ыдыстар (колбалар, стақандар, пипеткалар, цилиндрлер, бюреткалар және т. б.), заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері, химиялық реагенттер (құрғақ және сұйық), кеңсе құжаттамасы (6-қосымша);

- монтаждауды, іске қосу-баптауды және пайдалануға беруді/іске қосуды талап ететін зертханалық қондырғылар – құбыржол көлігі технологияларын модельдеуге арналған қондырғы, коррозия ингибиторларын сынауға арналған зертханалық стенд, ішкі коррозияны зерттеуге арналған зертханалық циркуляциялық қондырғы және т. б. (7-қосымша);

- 2024 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жеткізілген, № 2 объектіде уақытша қоймалық сақтауда тұрған және № 3 объектіде пайдаланылып жатқан, іске қосу-баптауды және пайдалануға беруді/іске қосуды талап ететін жаңа зертханалық жабдық (8-қосымша).

3.3. ЗӘО филиалы зертханаларының барлық мүлкін (1-8-қосымшалар) № 1, № 2 және № 3 объектілерден тиеу және тасымалдау, № 4 объектіге түсіру.

3.4. Зертханалар мүлкін қаптамадан шығару, оларды одан әрі пайдалану немесе қолдану орындарына орналастыру, орнату, жинау және монтаждау (1–8-қосымшалар).

3.5. ӨҚ/СЖ/ҚТЖ-ны пайдалануға беру бойынша іске қосу-баптау жұмыстарын, оның ішінде аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ-ны инсталляциялауды жүргізу. Техникалық сипаттамаға 4-5 және 8-қосымшаларда көрсетілген аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ-ны инсталляциялау кезінде қолданылатын стандартты үлгілер, калибрлеуші буферлік ерітінділер (бұдан әрі – СУ, КБЕ), калибрлеу гирлері, жарық сүзгілерінің жиынтығы, эталондық термометрлер, жасанды ақаулары бар бақылау үлгілері, кедір-бұдырлық үлгілері, қаттылықтың стандартты шаралары (HB, HRC), электрлік сигналдарды калибратор және т. б. Мердігердің есебінен қамтамасыз етіледі.

3.6. Мердігердің мамандары – барлық зертханалық жабдықты іске қосу-баптау және пайдалануға енгізу бойынша техникалық мамандар Мердігермен еңбек қатынастарында болуы тиіс (бұйрықтармен расталады).

3.7. ЗӘО филиалының мүлкін тасымалдауға арналған көлік құралдары – гидроборты және/немесе кран-манипулятормен жабдықталған жүк автомобильдері Мердігерге меншік құқығында немесе өзге де заңды құқық негізінде тиесілі болуы тиіс (жұмыстарды орындағанға дейін Мердігер көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесімен және/немесе өзге құжатпен иеленудің заңды құқығын растайды).

3.8. Жұмыстардың құнына Мердігердің барлық шығыстары енгізіледі, осыған байланысты шарттың қолданылу мерзімі ішінде жұмыстардың құны ұлғайту жағына қарай түзетілуге жатпайды.

4. Жұмыстарды жүргізу кезінде мердігер:

4.1. № 1, № 2 және № 3 объектілерде барлық мүлікті (1-8-қосымшаларға сәйкес) тиеуді және № 4 объектіде Тапсырыс берушінің барлық мүлкін (1-8-қосымшаларға сәйкес) түсіруді қамтамасыз ету.

4.2. № 4 объектіде 2-3-қосымшаларға сәйкес зертханалық және кеңсе жиһазын жинау және монтаждау жұмыстарын, сондай-ақ 4–5 және 8-қосымшаларға сәйкес зертханалық жабдықты – ӨҚ/СЖ/ҚТЖ және 7-қосымшаға сәйкес зертханалық қондырғыны орнатуды қамтамасыз ету. Жұмыстар 4–5 және 8-қосымшаларға сәйкес іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізуді және ӨҚ/СЖ/ҚТЖ-ны пайдалануға беруді/іске қосуды, сондай-ақ аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ-ны инсталляциялауды, инсталляциялау процесінде Мердігердің СУ және/немесе КЕ пайдалануын қамтуға тиіс.

4.3. Мүлікті (оның ішінде зертханалық жабдықты, ұйымдастыру техникасын, жиһазды, қосалқы материалдарды, 1-7-қосымшаларға сәйкес шыны ыдыстарды) орауға арналған ыдыстың болуын қамтамасыз ету. Ыдыс соққыға және ауыр салмаққа төзімді, тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде тауардың пайдалануға берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз ететіндей берік, сонымен бірге жеңіл материалдан (ағаштан немесе ағаш жоңқасы негізіндегі заманауи материалдардан) жасалған, ішкі орауыш толтырғышпен (пенопласт, пеноплекс және т. б.) қамтамасыз етілуі тиіс.

4.4. 4-қосымшада көрсетілген аспаптардың салқындатқыш сұйықтықтарына арналған ыдыстардың болуын қамтамасыз ету (көлемі 5-10 л болатын 5 дана пластикалық канистра).

4.5. 4-қосымшада көрсетілген термостаттар мен криотермостаттарға жаңадан құю үшін көлемі 220 (екі жүз жиырма) литр Julabo Thermal G маркалы термостаттаушы сұйықтықтың болуын қамтамасыз ету.

4.6. Кеңсе тауарлары мен кеңсе құжаттамасын орауға арналған өлшемі 600 × 400 × 400 мм, саны 120 дана картон қорап қажет.

4.7. № 4 объектіде 7-қосымшаға сәйкес құбыржол көлігі технологияларын модельдеуге арналған зертханалық қондырғыларды жинау, монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын, сондай-ақ осы техникалық сипаттамаға 4-5 және 8-қосымшаларда көрсетілген ӨҚ/СЖ-ны іске қосу-баптау және пайдалануға беру/іске қосу жұмыстарын орындауды қамтамасыз ету.

Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша келесі жұмыс орталарының бірін пайдалана отырып, зертханалық қондырғыны толтыру және сынау арқылы оның герметикалығын тексеруді қамтамасыз ету: инертті газ, коррозия ингибиторы қосылған су немесе мұнай қоспасы.

Топырағы бар жәшікті тіреуге арналған реттелетін тұғырға техникалық қызмет көрсетуді, оның ішінде барлық қозғалмалы (үйкелетін) бөлшектерін майлауды және механизмнің жұмысқа қабілеттілігін тексеруді орындау, сондай-ақ сынақтар жүргізуге қажетті көлемде топырақты жеткізуді және жәшікке толтыруды қамтамасыз ету.

Монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін топырақта орналасқан құбыржол учаскесінің сыртқы оқшаулағыш жабынын жағуды (қалпына келтіруді) қамтамасыз ету.

Фланецтер арасындағы қолда бар оқшаулағыш төсемдерді (ИФС) және бекіту элементтеріне арналған тесіктердегі оқшаулағыш төлкелерді пайдалануды қамтамасыз ету. Қажет болған жағдайда оларды баламалы материалдарға ауыстыру.

Мердігер жеткізу құнына монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу және пайдалануға іске қосу үшін қажетті барлық шығыс материалдарын, оның ішінде тығыздағыш элементтерді, сальниктерді, қосымша электр кабельдерін, бекіту бұйымдарын және өзге де қажетті материалдарды енгізуді көздеуге тиіс.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес пайда болған барлық қалдықтарды, орауыш және ілеспе материалдарды жинауды, әкетуді және кәдеге жаратуды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Мердігерге қойылатын талаптар:

5.1. Инженерлік-техникалық персоналдың тиісті жеткілікті тәжірибесі және зертханалық жабдықтың мынадай түрлеріне диагностика жүргізу, жөндеу, техникалық қызмет көрсету, калибрлеу және іске қосу-баптау жұмыстарын орындауға құжатпен (сертификаттармен, куәліктермен) расталған біліктілігі болуы тиіс:

- әртүрлі типтегі анализаторлар;
- спектрометрлер;
- сұйықтық хроматографы;
- газ хроматографтары;
- термостаттар;
- pH-метрлер/кондуктометрлер;
- әртүрлі типтегі вискозиметрлер;
- титраторлар;
- тығыздық өлшегіштер;
- реометрлер;
- зертханалық тоңазытқыш.

5.2. 4-5 және 8-қосымшаларда көрсетілген аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ-ны іске қосу және инсталляциялау үшін қажетті СҮ және/немесе КБЕ болуы тиіс. Мердігер шартқа қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарамдылық мерзімдері қолданыстағы стандартты үлгілерге растайтын паспорттарды ұсынуға міндетті.

5.3. Мердігер өз персоналының біліктілігінің Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігіне, қолданыстағы рұқсат беру құжаттарының болуына, сондай-ақ электр монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын орындау кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының барлық нормаларының сақталуына толық жауапты болады. Монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін Мердігердің маманы орнатылған барлық жабдықты кешенді түрде сынақтан өткізуге және Тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуымен оның толық жұмысқа қабілеттілігін көрнекі түрде көрсетуге, сондай-ақ оның соңғы іске қосылуын қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге ұсынылсын:

6.1. Мердігердің байланысатын тұлғаларының тізімі (орындалатын жұмыстар бойынша үйлестірушілер болып табылатын). Үйлестірушілерге тәулік бойы (24/7) телефон арқылы қолжетімді болу және жұмыстарды орындаудың бүкіл кезеңі ішінде Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша көрсетілетін жұмыстарға тәулік бойы қолдау көрсетуді жүзеге асыру қажет.

6.2. Мердігер шартқа қол қойылған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жұмыстарды орындаудың егжей-тегжейлі кестесін әзірлейді және Тапсырыс берушіге келісуге жібереді. Кестеде жұмыстарды демалыс және мереке күндері, сондай-ақ түнгі уақытта орындау мүмкіндігі ескерілуге және № 1-№ 3 объектілерден барлық мүлікті тиеу мен тасымалдауды, сондай-ақ оны № 4 объектіде түсіруді көздеуге тиіс.

6.3. Мердігер бекітілген жұмыстарды орындау кестесін қатаң сақтауға кепілдік береді.

6.4. № 1, № 2, № 3, № 4 объектілерінде Мердігер мыналарды қамтамасыз етеді:

- кемінде 10 (он) жүк тиеуші;

- 2-3-қосымшаларға сәйкес зертханалық және кеңсе жиһазын жинау, сондай-ақ 4-5 және 8-қосымшаларға сәйкес зертханалық жабдықты – ӨҚ/СЖ/ҚТЖ, 7-қосымшаға сәйкес зертханалық қондырғыларды орнату бойынша кемінде 2 (екі) білікті маман;

- кемінде 2 (екі) білікті электрші, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидалары, нормалары мен нұсқаулықтары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт-техникалық минимум, электр қауіпсіздігі бойынша білімін тексеруді растайтын құжаттардың көшірмелерін – хаттама/біліктілік куәлігін ұсыну арқылы. Электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында IV топтан төмен болмауға тиіс;

- жұмыстарды орындау үшін қажетті қосымша мамандардың болуы (жұмыстарды орындау кестесін бекіту кезінде келісіледі).

6.5. Мердігер өзінің барлық мамандарын жабдықты бөлшектеуге/монтаждауға, жиһазды және зертханалық жабдықты жинауға/бөлшектеуге қажетті құралдармен және шығыс материалдарымен толық қамтамасыз етуге жауапты (аккумуляторлық бұрғы-бұрағыштар, бұрауыштар, кілттер, маркерлер, орауыш пышақтар, бұрандалар және т. б.).

6.6. Мердігер қол жүк арбаларының, гидравликалық қайшылы көтергіші бар қол арбаның және өзге де тиеу-түсіру жабдықтарының болуын қамтамасыз етеді.

6.7. Мердігер № 1-3 объектілерден (1-8-қосымшаларда көрсетілген) барлық мүлікті қауіпсіз тиеу мен тасымалдауды, кейіннен № 4 объектіде түсіруді, жинауды, монтаждауды және инсталляциялауды қамтамасыз етуге жауапты.

6.8. Мердігер Тапсырыс берушінің үй-жайлары мен оның мүлкінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүлкінің сақталуына жауапты. Мердігердің әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан Тапсырыс берушінің (немесе үшінші тұлғалардың) үй-жайларына немесе мүлкіне залал келтірілген жағдайда, Мердігер залалды ерікті түрде өтеуге міндетті.

6.9. Мердігер Тапсырыс берушіні туындауы мүмкін проблемалар мен кідірістер, бекітілген жұмыстарды орындау кестесінен ауытқудың өзге де себептері, сондай-ақ жұмыстарды орындау мерзімдерінің кешігу тәуекелдерін барынша азайту үшін қабылданып жатқан шаралар туралы уақтылы хабардар етуге жауапты.

6.10. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың сақталуына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектілеріндегі әкімшілік ғимараттарда өткізу және объектішілік режимді ұйымдастыру қағидаларының талаптарын сақтауға жауапты.

6.11. Жұмыстарды орындау сапасын бақылау барысында анықталған ақауларды немесе зақымдануларды Мердігер уақытылы жоюға міндетті.

7. Тапсырыс берушінің мүлкін № 1-№ 3 объектілерден жылжыту және тасымалдауды жүзеге асыру.

7.1. Мердігер жұмыстарды орындау үшін қажетті өзінің меншігіндегі немесе заңды негізде тартылған көлік құралдарын пайдаланады.

7.2. Мердігер персоналдың жұмысын өз бетінше ұйымдастырады және қызметкерлердің бос тұрып қалуына байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

7.3. № 1-№ 3 объектілерде тиелген, сондай-ақ № 4 объектіде түсірілгеннен кейін қабылданған барлық мүлік міндетті түрде есепке алынуға және Тізімдеме мен қабылдау-тапсыру актісі бойынша берілуге тиіс.

7.4. Жүк тиелген автокөлік құралы міндетті түрде пломбалануға тиіс. Жүктің жөнелтілетін уақыты туралы Тапсырыс берушіге хабарлануы тиіс.

8. Тапсырыс берушінің мүлкін № 4 объектіге жеткізу және түсіру.

8.1. Мердігер тасымалданатын мүлікті жеткізу кезектілігін және бөлінуін Тапсырыс берушімен келіседі.

8.2. Ірі габаритті жабдық алдымен сыртта қаптамадан шығарылуға тиіс.

8.3. Мүлік бүлінген жағдайда Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға, Тапсырыс берушімен келісу бойынша мүлікті (жиһазды, зертханалық жабдықты, ұйымдастыру техникасын) қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге, жарамсыз немесе зақымдалған элементті немесе бөлшекті ауыстыруға, ал сыртқы түрі немесе функционалдық мақсаты толық жоғалған жағдайда, мүліктің техникалық сипаттамаларына сәйкес оны өз есебінен өтеуге міндетті.

8.4. Мердігер ӨҚ/СЖ/ҚТЖ-ны, зертханалық және кеңсе жиһазын қаптамадан шығарғаннан кейін қаптама материалдарын жинау, шығару және кәдеге жаратуды жинау, монтаждау және инсталляциялау жұмыстары жүргізілген күні қамтамасыз етеді.

9. Тапсырыс берушінің барлық зертханалық және кеңсе мүлкін, ӨҚ/СЖ/ҚТЖ-ны № 1-№ 3 объектілерден жылжыту, кейіннен № 4 объектіге жеткізу, түсіру, монтаждау және инсталляциялау.

9.1. Тапсырыс берушіден жұмыстарды бастау туралы нұсқау алған кезде Мердігер Тапсырыс берушімен жұмыстарды жүргізу күнін, сондай-ақ мүлікті қабаттар мен кабинеттер бойынша орналастыру кезектілігі мен бөлінуін келіседі.

9.2. Зертханалық және кеңсе жиһазын (мысалы, шайқалу, тұрақсыз орналасу, есіктердің немесе сөрелердің толық ашылмауы), сондай-ақ ӨҚ/СЖ/ҚТЖ құралдарын монтаждау кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Мердігер қажетті фурнитурамен және қосалқы бөлшектермен өз бетінше толық жинақтауды жүзеге асыруға міндетті.

9.3. Мердігер барлық мүлікті (1-3-қосымшалар) қаптамадан шығаруға, жинауға және монтаждауға, сондай-ақ ӨҚ/СЖ /ҚТЖ-ға (4-5 және 8-қосымшалар), зертханалық қондырғыға (7-қосымша) іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізуге, оның ішінде аналитикалық зерттеулер жүргізуге арналған ӨҚ-ны инсталляциялауға жауапты. Бұл ретте техникалық сипаттамаға 4-5 және 8-қосымшаларда көрсетілген ӨҚ-ны инсталляциялау кезінде қолданылатын СҮ және/немесе КБЕ Мердігердің есебінен, Шарттың талаптарына сәйкес ұсынылады.

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	ҚТО СТ-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар»

Қосымша

Приложение 8 Перечень нового лабораторного оборудования на каз_.docx

Приложение 7 - монтаж лаб. установок.docx

Приложение 7 - монтаж лаб. установок на каз_.docx

Приложение 4 Лабораторное оборудование.docx

Приложение 6 Вспомогательные материалы на каз_.docx

Приложение 8 Перечень нового лабораторного оборудования.docx

Приложение 5 Вспомогательное лабораторное оборудование.docx

Приложение 3 Лабораторная мебель.docx

Приложение 1 Офисная техника на каз_.docx

Приложение 1 Офисная техника.docx

Приложение 3 Лабораторная мебель на каз_.docx

Приложение 2 Офисная и мягкая мебель.docx

Приложение 2 Офисная и мягкая мебель на каз_.docx

Приложение 6 Вспомогательные материалы.docx

Приложение 5 Вспомогательное лабораторное оборудование на каз_.docx

Приложение 4 Лабораторное оборудование на каз_.docx

Қол қойған	Молдожанов Асанали Маратулы
Қол қойылған күні	29.10.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1266601 , Работы по установке/монтажу/демонтажу бытового оборудования способом Открытый тендер

Лот № 1 (349-1 Р, 4569148) Работы по установке/монтажу/демонтажу бытового оборудования

Заказчик: Акционерное общество "КазТрансОйл"

Организатор: Акционерное общество "КазТрансОйл"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	Значение
Номер строки	349-1 Р
Наименование и краткая характеристика	Работы по установке/монтажу/демонтажу бытового оборудования, Работы по установке/монтажу /демонтажу бытового оборудования
Дополнительная характеристика	Работы по инсталляции и пусконаладке лабораторного оборудования, включая погрузку, транспортировку и разгрузку оборудования (имущества), в объеме, необходимом для выполнения указанных работ
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, Актау Г.А., г.Актау, Актау, пос. Умирзак
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора по (включительно) 12.2026
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 90%, Окончательный платеж - 10%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

1. Общие требования:

